КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 06 қаңтар №2/16454/2024 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық судьясы А.Қ.Қанбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Темирханов А.И.» жеке кәсіпкері Темірханов Азамат Исаұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық төлемін өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талабы қанағаттандырылсын.

«Темирханов А.И.» жеке кәсіпкері Темірханов Азамат Исаұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және жауапкерден мемлекет кірісіне 14 889 (он төрт мың сегіз жүз сексен тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 293 (екі мың екі жүз тоқсан үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы сотқа арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Қанбаев

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 06.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.02.2025, судья Жетибаев Ж. К., 17.02.2025

7119-24-3-1/16175